

Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2009 жылғы 24 шілдедегі № 101 шешімі. Ақтөбе облысының Байғанин аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 27 тамызда N 3-4-81 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2012 жылғы 29 қазандағы № 39 шешімімен; 2012 жылғы 13 желтоқсандағы № 04-13/355 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2012.10.29 № 39 Шешімімен; 2012.12.13 № 04-13/355 Хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына және Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет Кодексінің 56 бабы 1 тармағының 4 тармақшасына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. «Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек» 451-007 бюджеттік бағдарламасы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне, ауған соғысының мүгедектеріне, азаматтық және әскери мақсаттағы объектілердегі радиациялық апаттардың, авариялардың және ядролық сынаулардың мүгедектеріне, I, II, III топ мүгедектеріне және 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға облыстық денсаулық сақтау мекемесінің жолдамасы бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы ауруханаларға бару үшін жолсапар ақысы төленсін;

2) жан басына шаққанда орташа айлық табысы облыста белгіленген кедейшілік шегінен төмен аз қамтамасыз етілген отбасыларға, ең төменгі зейнетақы және ең төменгі зейнетақыдан төмен алатын зейнеткерлерге ай сайын 1,5 (бір жарым) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек көрсетілсін;

3) жан басына шаққанда орташа айлық табысы облыста белгіленген азық-түлік себетінен төмен аз қамтамасыз етілген отбасыларға, мүгедектерге, онкологиялық және өкпе ауруымен ауыратын адамдарға тапсырылған құжаттар негізінде материалдық жәрдем берілсін.

Ескерту. 1 тармақтың 3 тармақшасына өзгерту енгізілді - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2009.12.25 № 114 шешімімен (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 тармақтан қараңыз).

2. «Аз қамтамасыз етілген азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы» 2009 жылғы 24 сәуірдегі (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 20 мамырдағы № 3-4-71 санымен тіркелген, 2009 жылғы 11 маусымдағы «Жем-Сағыз» газетінің № 24 санында жарияланған) № 80 шешімінің күші жойылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Н. Нұрмағанбет

Мәслихат хатшысы

Б. Турлыбаев